

Қазақстан Республикасының Қорғаныс министрлігіне ведомстволық бағынысты әскери оқу орындарында білім алушылардың үлгеріміне ағымдағы бақылау, оларға аралық және қорытынды аттестаттау жүргізу қағидаларын бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрінің 2016 жылғы 22 қаңтардағы № 32 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2016 жылы 26 ақпанда № 13264 болып тіркелді.

"Білім туралы" Қазақстан Республикасының Заңы 5-1-бабының 5) тармақшасына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

Ескерту. Кіріспе жаңа редакцияда - ҚР Қорғаныс министрінің 26.01.2023 № 49 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

1. Қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасының Қорғаныс министрлігіне ведомстволық бағынысты әскери оқу орындарында білім алушылардың үлгеріміне ағымдағы бақылау, оларға аралық және қорытынды аттестаттау жүргізу қағидалары бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігі Білім және ғылым департаментінің бастығы:

1) осы бұйрықты заңнамада белгіленген тәртіппен мемлекеттік тіркеу үшін Қазақстан Республикасының Әділет министрлігіне жолдасын;

2) осы бұйрықтың көшірмесін мемлекеттік тіркелгеннен кейін күнтізбелік он күн ішінде ресми жариялау үшін мерзімді баспасөз басылымдарына және "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесіне жолдасын;

3) осы бұйрықты ресми жарияланғаннан кейін Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігінің ресми интернет-ресурсына орналастырсын.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрінің жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.

Ескерту. 3-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Қорғаныс министрінің 26.01.2023 № 49 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

4. Бұйрық лауазымды адамдарға, оларға қатысты бөлігінде жеткізілсін.

5. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасының
Қорғаныс министрі*

И. Тасмағамбетов

Қазақстан Республикасы
Қорғаныс министрінің

Қазақстан Республикасының Қорғаныс министрлігіне ведомстволық бағынысты әскери оқу орындарында білім алушылардың үлгеріміне ағымдағы бақылау, оларға аралық және қорытынды аттестаттау жүргізу қағидалары

1-тарау. Жалпы ережелер

Ескерту. 1-тараудың тақырыбы жаңа редакцияда – ҚР Қорғаныс министрінің 01.10.2018 № 650 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

1. Осы Қазақстан Республикасының Қорғаныс министрлігіне ведомстволық бағынысты жоғары әскери оқу орындарында білім алушылардың үлгеріміне ағымдағы бақылау, оларға аралық және қорытынды аттестаттау жүргізу қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) Қазақстан Республикасының Қорғаныс министрлігіне (бұдан әрі – ҚР ҚМ) ведомстволық бағынысты әскери оқу орындарында білім алушылардың үлгерімін ағымдағы бақылау, оларды аралық және қорытынды аттестаттау тәртібін айқындайды.

Ескерту. 1-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Қорғаныс министрінің 26.01.2023 № 49 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

2. Осы Қағидаларда мынадай ұғымдар пайдаланылған:

1) оқудағы жетістіктерді балдық-рейтингтік бағалау жүйесі – білім алушылардың рейтингісін белгілеуге мүмкіндік беретін халықаралық практикада қабылданған әріптік жүйеге сәйкес келетін білім деңгейін балмен бағалау жүйесі;

2) әскери оқу орындары – ҚР ҚМ ведомстволық бағынысты білім беру ұйымдары;

3) ҚР ҚМ жоғары әскери оқу орындары (бұдан әрі – ЖӘОО) – жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру бағдарламаларын іске асыратын ҚР ҚМ ведомстволық бағынысты білім беру ұйымдары;

4) академиялық берешек – білім алушының белгіленген мерзімдерде тапсырмаған оқу пәндері (практика түрлері) бойынша бір және одан да көп қанағаттанарлықсыз бағаларының болуы;

5) қорғау – білім алушылардың зертханалық жұмыстарын, есептеу-графикалық тапсырмаларын, курстық жұмыстарын (жобаларын), дипломдық жұмыстарын (жобаларын), магистрлік диссертацияларын (жобаларын), докторлық диссертацияларын, барлық практикалар мен тағылымдамалар түрлерін орындауын бақылау нысаны;

6) білім алушыларды аралық аттестаттау – білім алушылардың бір оқу сабағының, бір оқу пәнінің және (немесе) модульдің, сондай-ақ бір біліктілік шеңберінде кәсіптік модульдердің бір бөлігінің немесе бүкіл көлемінің мазмұнын оларды зерделеп бітіргеннен кейінгі меңгеру сапасын бағалау мақсатында жүргізілетін рәсім;

7) білім алушының жеке рейтингісі – білім алушылардың аралық аттестаттау нәтижелері бойынша құрылатын академиялық кезеңдегі пәндерді меңгеру деңгейінің сандық көрсеткіші;

8) білім алушыларды қорытынды аттестаттау – білім беру бағдарламаларында, тиісті білім беру деңгейінің мемлекеттік жалпыға міндетті стандартында көзделген оқу пәндерінің көлемін және (немесе) модульдерді және өзге де оқу қызметінің түрлерін меңгеру дәрежесін айқындау мақсатында өткізілетін рәсім;

9) Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігінің Әскери колледжі (бұдан әрі – Әскери колледж) – техникалық және кәсіптік білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын ҚР ҚМ ведомстволық бағынысты білім беру ұйымы;

10) аралық аттестаттау (емтихан сессиясы) – білім алушылардың академиялық кезеңдегі оқу пәндерінің бір бөлігінің немесе барлық көлемінің мазмұнын меңгеру дәрежесін айқындау мақсатында өткізілетін рәсім;

11) пререквизиттер – оқылатын пәнді меңгеру үшін қажетті пәндердің тізбесі;

12) МАК кіші комиссиясы – бұл қорытынды аттестаттауға шығарылатын әрбір емтихан пәні бойынша құрылатын, оқу орны бастығының бұйрығымен бекітілетін кіші комиссия;

13) білім алушылардың үлгерімін ағымдағы бақылау – академиялық кезең ішінде оқытушы өткізетін дәрісханалық және дәрісханадан тыс сабақтарда білім алушылардың білімін оқу бағдарламасына сәйкес жүйелі түрде тексеру;

14) транскрипт – кредиттер мен білімді бағалауды көрсете отырып, оқытудың тиісті кезеңінде меңгерген пәндердің және (немесе) модульдердің және оқу жұмысының басқа да түрлерінің тізбесін қамтитын құжат;

15) межелік бақылау – бір оқу пәнінің бөлімін (модулін) аяқтағанда білім алушылардың оқудағы жетістіктерін бақылау;

16) жұмыс оқу жоспары – үлгілік оқу жоспары негізінде әзірленетін және міндетті және ЖОО құрамдастары оқу пәндерінің тізбесі, кредиттерге олардың еңбек қажеттілігі, зерделеу жүйелілігі, бақылау нысандары айқындалатын білім беру ұйымының басшысы бекітетін оқу құжаты;

17) оқу үлгерімінің орташа балы – білім алушының нақты аралық аттестаттаудың есептілігіне жұмыстық оқу жоспарымен анықталған барлық оқу пәндері мен оқу қызметінің басқа нысандары (курстық жұмыс, жоба, тапсырма, практика, тағылымдама) бойынша бағаларының орта арифметикалық мәні (100 балдық шәкіл бойынша);

18) емтихан – оқу пәнінің бөлігін (барлық көлемін) және (немесе) модульдерін оқытуды аяқтау бойынша жүргізілетін білім алушылардың оқудағы жетістіктерін бақылау нысаны.

Ескерту. 2-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Қорғаныс министрінің 30.04.2021 № 272 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

2-тарау. Қазақстан Республикасының Қорғаныс министрлігіне ведомстволық бағынысты әскери оқу орындарында білім алушылардың үлгеріміне ағымдағы бақылау жүргізудің тәртібі

Ескерту. 2-тараудың тақырыбы жаңа редакцияда – ҚР Қорғаныс министрінің 01.10.2018 № 650 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

3. Үлгерімді ағымдағы бақылау білім алушылардың теориялық және практикалық даярлық деңгейін айқындау мақсатында оқу пәнінің әрбір тақырыбы бойынша жүргізіледі және жұмыс оқу бағдарламасымен айқындалатын әртүрлі бақылау нысандарымен жүзеге асырылады.

Ескерту. 3-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Қорғаныс министрінің 30.04.2021 № 272 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

4. Үлгерімді ағымдағы бақылау білім алушылардың оқудағы етістіктерін бағалаудың балдық-рейтингтік жүйесі бойынша бағаланады, оны дәстүрлі бағалар межесіне ауыстыру осы Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес нысанда жүргізіледі.

5. Ағымдағы бақылаудың бір түрі межелік бақылау болып табылады, ол бір академиялық кезең ішінде бір пән шеңберінде 2 және одан да көп рет жүргізіледі және жұмыс оқу бағдарламасымен айқындалатын әртүрлі бақылау нысандарымен жүзеге асырылады.

Қашықтықтан оқыту (бұдан әрі – ҚО) бойынша білім алушылардың үлгерімін ағымдағы бақылауды:

- 1) білім алушы мен оқытушының ақпараттық-коммуникациялық технологияларды (бұдан әрі – АКТ) пайдалана отырып қарым-қатынасы;
- 2) тестілік кешендер;
- 3) жазбаша жеке тапсырмаларды тексеру арқылы жүргізуге жол беріледі.

Ұлттық қорғаныс университетінде ҚО бойынша білім алушыларда межелік бақылау емтихан сессиясы және/немесе қысқа мерзімді оқу жиындары кезеңінде жүргізіледі.

Ескерту. 5-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Қорғаныс министрінің 30.04.2021 № 272 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

6. Ағымдағы және межелік бақылау бағалары осы Қағидаларға

2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша оқыту сабақтарын есепке алу журналында көрсетіледі.

7. Пәнді жүргізетін оқытушы үлгерімге ағымдағы бақылауды, межелік бақылауды жүргізеді және білім алушылардың ағымдағы үлгерімі бағасын (бұдан әрі – АҮБ) шығарады.

8. АҮБ кезекті межелік бақылауға дейінгі ағымдағы бақылау бағаларының орташа мәнінен (бұдан әрі – АББ) және кезекті межелік бақылау бағаларынан (бұдан әрі – КМБ) құралады. Бұл ретте АҮБ-да АББ мен КМБ арақатынасы АББ 60%-те КМБ 40% құрайды.

$$\text{АББ} \cdot 0.6 + \text{КМБ} \cdot 0.4 = \text{АҮБ}.$$

Ескерту. 8-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Қорғаныс министрінің 30.04.2021 № 272 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

9. Межелік бақылау үшін оқу-әдістемелік басқарма осы Қағидаларға 3-қосымшаға сәйкес нысан бойынша ағымдағы үлгерім ведомосын ресімдейді.

Ескерту. 9-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Қорғаныс министрінің 26.01.2023 № 49 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

10. АҮБ негізінде оқу-әдістемелік басқарма жіберу рейтингісінің бағасын (бұдан әрі – ЖРБ) шығарады. Ағымдағы үлгерім бағасына бөлінген балдар 50 %-да 50 % арақатынаста бөлінеді.

$$\text{АҮБ1} + \text{АҮБ2} = \text{ЖРБ}$$

мұнда, АҮБ1 – 1-ші межелік бақылау бойынша пәннің бағасы;

АҮБ2 – 2-ші межелік бақылау бойынша пәннің бағасы.

Ескерту. 10-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Қорғаныс министрінің 26.01.2023 № 49 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

11. ЖРБ және емтихан бағалары (бұдан әрі – ЕБ) негізінде пәнге баға (ПБ) қойылады, ол ең көп дегенде 100 балды құрайды, оның ішінде ЖРБ-ға 60 %, ал ЕБ-ға 40 % беріледі.

Ескерту. 11-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Қорғаныс министрінің 30.04.2021 № 272 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

12. ЕБ-ға 50 балдан төмен жинаған білім алушыға "қанағаттанарлықсыз" деген баға қойылады.

Ескерту. 12-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Қорғаныс министрінің 30.04.2021 № 272 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

13. Емтиханға жіберу үшін рейтинг бағасының ең төмен жиынтық балы 50 балды құрайды.

$$50 \text{ балл} \leq \text{ЖРБ} \leq 100 \text{ балл}.$$

Ескерту. 13-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Қорғаныс министрінің 30.04.2021 № 272 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

14. ЕБ-дан 50 балдан төмен баға алған білім алушыға осы Қағидалардың 36-тармағына сәйкес емтиханды қайта тапсыруға мүмкіндік беріледі.

50 балл < ЕБ ≤ 100 балл.

Ескерту. 14-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Қорғаныс министрінің 30.04.2021 № 272 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

15. Білім алушы жаттығуларды іс жүзінде орындағаны үшін қолданыстағы курстардың (оқ ату, жауынгерлік машинаны жүргізу, нақты бағыттау, ұшуды басқару) талаптарына сәйкес бағаланады. Бұл ретте дәстүрлі бағаны оқудағы жетістікті бағалаудың балдық-рейтингтік жүйесіне ауыстыру осы Қағидаларға 4-қосымшаға сәйкес жүргізіледі.

Әскери тағылымдаманы (тағылымдаманы) өткізу (қорғау) кезінде практикалық дағдылардың бағасы Қағидаларға 4-1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша бағалау ведомосында көрсетіледі.

Білім алушы тағылымдама (практика) бағдарламасын сапалы пысықтау туралы жалпы теріс қорытынды немесе есеп беруді қорғау кезінде "F", "FX" (қанағаттанарлықсыз) баға алған кезде тағылымдама (практика) білім алушының демалысы есебінен (бітіруші курстың соңғы семестрінен басқа) ӘОО-ның оқу процесін қамтамасыз ету бөлімшелерінде (бөлімдерінде) кемінде екі апта ішінде қайта өткізіледі.

Бітіруші курстың курсанттары (ұландары, кадеттері) тағылымдаманы (практиканы) қорғауда "F", "FX" (қанағаттанарлықсыз) баға алғаннан кейін әскери тағылымдаманы (практиканы) аралық аттестаттау басталғанға дейін екі аптадан кешіктірмей, ӘОО бөлімшелерінде ұзақтығы күнтізбелік 15 күн болатын өзіндік жұмысының уақыты есебінен қайта өтеді.

Қосымша тағылымдамадан (практикадан) кейін есеп беруді қорғау қайта өткізіледі. "F", "FX" (қанағаттанарлықсыз) бағаны қайта алған жағдайда оқу (педагогикалық) кеңесінің шешімі бойынша білім алушы "Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігінің әскери оқу орындарынан шығарып жіберу қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрінің 2017 жылғы 7 тамыздағы № 419 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 15634 болып тіркелген) сәйкес үлгермеушілігі бойынша ӘОО-дан шығарылады.

Ескерту. 15-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Қорғаныс министрінің 26.01.2023 № 49 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен; өзгеріс енгізілді - ҚР Қорғаныс министрінің 12.02.2026 № 129 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

3-тарау. Қазақстан Республикасының Қорғаныс министрлігіне ведомстволық бағынысты әскери оқу орындарында білім алушыларды аралық аттестаттауды жүргізу тәртібі

Ескерту. 3-тараудың тақырыбы жаңа редакцияда – ҚР Қорғаныс министрінің 01.10.2018 № 650 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

16. Емтихан сессиясы жұмыстық оқу жоспарына және академиялық күнтізбеге сәйкес жүргізіледі. Емтихан сессиясы қысқы және жазғы болып бөлінеді.

Ескерту. 16-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Қорғаныс министрінің 30.04.2021 № 272 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

17. Әрбір оқу пәні және кейбір қосымша оқыту түрлері үшін бақылау нысаны емтихан болып табылады. Егер пән ұзақтығы екі немесе одан да көп академиялық кезең болса, әрбір академиялық кезеңнің аяқталуы бойынша емтихан нысанында аралық бақылау жүргізіледі.

Зертханалық, есептеу-графикалық тапсырмалар, курстық жұмыстар (жобалар), кәсіптік практикалар мен тағылымдамалардың барлық түрлері үшін – қорғау.

Ескерту. 17-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Қорғаныс министрінің 30.04.2021 № 272 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

18. Емтихан сессиясын ұйымдастыру оқу-әдістемелік басқармаға жүктеледі.

Ескерту. 18-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Қорғаныс министрінің 26.01.2023 № 49 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

19. Емтихандар емтихан сессиялары кезеңінде жазбаша, ауызша, тест, практикалық немесе аралас нысанда өткізіледі. Семестрде оқу пәнін оқытуды аяқтау бойынша емтихан өткізуге жол беріледі. Ауызша нысанда бір күнде екі немесе одан артық емтихан тапсыруға жол берілмейді. Тест нысанында бір күнде екі немесе үш пән бойынша емтихан белгілеуге немесе екі және одан артық пәндер бойынша олардың бейінділік және жақындық принципін сақтаумен кешенді емтихан өткізуге жол беріледі

ҚО бойынша білім алушыларға емтихан өткізуге:

- 1) білім алушы мен оқытушының АКТ-ны пайдалана отырып қарым-қатынасы;
- 2) тестілік кешендер;
- 3) жазбаша жеке тапсырмаларды тексеру арқылы жол беріледі.

Ескерту. 19-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Қорғаныс министрінің 30.04.2021 № 272 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

20. Оқу-әдістемелік басқарма өткізу нысанын ескере отырып, факультеттермен (кафедралармен, циклдермен) бірлесіп, емтихандар кестесін жасайды, оны әскери оқу

орны бастығының оқу жұмысы жөніндегі орынбасары бекітеді және білім алушылар мен оқытушыларға емтихан сессиясы басталғанға дейін кешіктірмей екі апта бұрын жеткізіледі.

Ескерту. 20-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Қорғаныс министрінің 26.01.2023 № 49 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

21. Емтиханды осы пәннен сабақ беретін оқытушы – емтихан қабылдаушы қабылдайды. Ол болмаған кезде тиісті бейіннің оқытушысы тағайындалады.

Пән (модуль) бойынша емтиханды осы пәнді (модульді) жүргізетін оқытушылар қатарынан комиссия қабылдайды.

Ескерту. 21-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Қорғаныс министрінің 26.01.2023 № 49 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

22. Зертханалық жұмыстарды, есептеу-графикалық тапсырмаларды және курстық жұмыстарды (жобаларды) қорғауды жұмыс (тапсырма, жоба) жетекшісінің тікелей қатысуымен емтихан қабылдаушы жүргізеді.

ҚО бойынша білім алушылардың курстық жұмыстарын (жобаларын) қорғауды АКТ-ны пайдалана отырып "on-line" режимінде және (немесе) қағаз жеткізгіште немесе магниттік (оптикалық) жеткізгіштерде курстық жұмыстарды (жобаларды) тексеру жолымен өткізуге жол беріледі.

Ескерту. 22-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Қорғаныс министрінің 30.04.2021 № 272 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

23. Емтихан сессиясын дәлелді себептермен (науқастану, іссапарда, демалыста болу, қызметтік қажеттілік және т.б.) тапсыру мүмкін болмағанда әскери оқу орнының бастығы жеке кесте бойынша тапсыруға рұқсат етеді.

24. Алып тасталды - ҚР Қорғаныс министрінің 30.04.2021 № 272 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

25. Емтиханды ауызша немесе жазбаша нысанда өткізу үшін емтихан қабылдаушы емтиханға шығарылатын сұрақтар тізбесін, мысалдар мен міндеттерді, тестілерді әзірлейді және Қағидаларға 5-қосымшаға сәйкес нысан бойынша емтихан билеттерін ресімдейді.

Емтихан билеттері кафедра (цикл) отырысында талқыланады, емтихан қабылдаушы қол қояды және кафедра (цикл) бастығы бекітеді. Емтихан билеттерінде негізгі сұрақтар, негізгі ұғымдар мен оқу пәнінің заңдылықтары көрсетіледі. Әрбір емтихан билеті кемінде екі сұрақтан тұрады, оның біреуі практикалық болуы мүмкін. Билеттегі

сұрақтар саны семестрде оқытылатын пәндердің кредиттер санымен айқындалады. Емтихан билетінің сұрақтары қайталанбайды. Емтихан билеттерінің саны топта білім алушылардың санынан 20 %-тен астам болады.

Ескерту. 25-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Қорғаныс министрінің 30.04.2021 № 272 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

26. Емтиханды тест нысанында өткізу үшін тест сұрақтарынан база жасалады. Әрбір сұрақтың 4 нұсқада жауабы болады, соның біреуі ғана дұрыс болады. База кемінде 100 тестілік сұрақтан тұрады. Сұраққа әрбір дұрыс жауап 1 балға бағаланады. Екі немесе одан астам жауап нұсқасы болған жағдайда балл саналмайды. Емтихан бағасын санау үшін тестілік емтиханнан алған балдар саны (БС) 0,4 коэффициентіне көбейтіледі. Тестілеуге үш академиялық сағат бөлінеді.

Ескерту. 26-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Қорғаныс министрінің 30.04.2021 № 272 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

27. Ауызша емтихан уақытында білім алушыларға силлабусқа сәйкес әскери техниканы немесе макет түріндегі оның шартты суретін, модельдерді, тренажерларды, қондырғыларды, стенділерді, карталарды, кестелерді, плакаттарды пайдалануға жол беріледі.

Емтиханда рұқсат етілмеген қосалқы материалдарды пайдаланған білім алушы емтиханнан шығарып жіберіледі және оған "қанағаттанарлықсыз" деген баға қойылады.

Ескерту. 27-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Қорғаныс министрінің 26.01.2023 № 49 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

28. Оқу-әдістемелік басқарма емтихан қабылдаушыға емтиханға осы Қағидаларға 6-қосымшаға сәйкес нысан бойынша пәнге арналған тіркелген бағалау ведомосын береді.

Ескерту. 28-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Қорғаныс министрінің 26.01.2023 № 49 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

29. Пәнге арналған бағалау ведомосы оқу тобына немесе білім алушылар взводуна бір данада жасалады және оған оқу-әдістемелік басқарманың бастығы қол қояды.

Ескерту. 29-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Қорғаныс министрінің 26.01.2023 № 49 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

30. Емтихан бағасын қою өлшемшарты силлабуспен айқындалады.

31. Емтихан қабылдаушы әрбір білім алушының пән бойынша бағасын есептейді, оны оқу-әдістемелік басқарма транскриптке енгізеді. Егер оқу пәні бойынша бірнеше емтихан өткізілсе, онда емтихан сессиялары кезеңінде алынған пәннің барлық бағасының дөңгелектенген орташа мәні транскриптке енгізіледі.

Ескерту. 31-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Қорғаныс министрінің 26.01.2023 № 49 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

32. ЖӘОО-да емтихан сессиясы аяқталғаннан кейін оқу үлгерімінің орташа балы негізінде білім алушылардың жеке рейтингісі айқындалады.

ЖӘОО-да оқу үлгерімінің орташа балы (бұдан әрі – ҮОБ) емтихан сессиясының пәндері бойынша кредиттердің жалпы санына пәндер бойынша бағалардың (бұдан әрі – ПБ) кредиттерді (бұдан әрі – К) шығару сомасы мен балдардың сандық баламасы ретінде айқындалады.

$$\text{ҮОБ} = (\text{К1} * \text{ПБ1} + \text{К2} * \text{ПБ2} + \text{Кi} * \text{ПБj}) / \sum \text{Кi}$$

Мұнда: К1 – 1 пән бойынша кредиттер саны;

Кi – i пән бойынша кредиттер саны;

ПБ1 – 1 пәннің бағасы;

ПБj - j пәннің бағасы.

Ескерту. 32-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Қорғаныс министрінің 30.04.2021 № 272 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

33. Емтихан нәтижелері білім алушыларға емтихан аяқталғаннан кейін, ал жазбаша нысанда тапсырған кезде келесі күні 18.00-ге дейін жеткізіледі.

34. Оң бағаны жоғарылату мақсатында емтиханды қайта тапсыруға рұқсат етілмейді

35. Межелік бақылауды қайта тапсыру академиялық кезең ішінде аралық аттестаттау басталғанға дейін жүзеге асырылады.

Қашықтан оқыту бойынша білім алатын адамдар үшін межелік бақылауды қашықтан тапсыру мүмкін болмаған жағдайда аралық аттестаттауға келген кезде тапсыруға (қайта тапсыруға) жол беріледі.

Жіберу рейтингісінің бағасы 50 балдан төмен болған кезде оқу-әдістемелік басқарма қайта тапсырудың жеке кестесін жасайды.

Ескерту. 35-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Қорғаныс министрінің 26.01.2023 № 49 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

36. Емтиханды қайта тапсыру каникулдық демалыс кезеңінде екі реттен артық емес жүзеге асырылады.

Бірінші қайта тапсыру емтихан қабылдаған емтихан алушымен қабылданады. Екінші рет қайта тапсыруды әскери оқу орнының бастығы тиісті бейіндегі сәйкес

оқытушылар қатарынан құрған құрамы кемінде 3 адамнан тұратын комиссия жүзеге асырады.

Ескерту. 36-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Қорғаныс министрінің 30.04.2021 № 272 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

37. Алып тасталды - ҚР Қорғаныс министрінің 30.04.2021 № 272 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

38. Емтихан нәтижелерімен келіспеген білім алушылар емтихан сессиясы кезеңінде апелляцияға береді.

39. Емтихан сессиясы кезеңінде әскери оқу орны бастығының бұйрығымен апелляциялық комиссия құрылады.

Ескерту. 39-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Қорғаныс министрінің 01.10.2018 № 650 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

40. Апелляция нәтижесі осы Қағидаларға 7-қосымшаға сәйкес нысан бойынша пән үшін баға ведомосына тіркелетін хаттамамен ресімделеді. Хаттама негізінде оқу-әдістемелік басқарма пән үшін қорытынды бағалар ведомосына өзгерістер енгізеді.

Ескерту. 40-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Қорғаныс министрінің 26.01.2023 № 49 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

41. Жаңа академиялық кезең басында академиялық берешегі бар білім алушы оқудан шығарылуға тиіс.

Ескерту. 41-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Қорғаныс министрінің 30.04.2021 № 272 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

42. Емтихандар нәтижелерін талдау және оқу процесін жақсарту жөніндегі ұсыныстар емтихан сессиясы аяқталғаннан кейін ЖЭОО факультеті кафедрасының (циклінің) және оқу-әдістемелік кеңесінің, Әскери колледжі педагогикалық кеңесінің отырысына талқылауға шығарылады.

Ескерту. 42-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Қорғаныс министрінің 30.04.2021 № 272 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

43. Аралық аттестаттау қорытындылары бойынша екі апта мерзімде әскери оқу орны әскери білім беру мәселелеріне жетекшілік ететін ҚР ҚМ құрылымдық бөлімшесіне электрондық және қағаз жеткізгіштерде осы Қағидаларға 8-қосымшаға сәйкес нысан бойынша сессия нәтижелерін талдауды ұсынады.

Ескерту. 43-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Қорғаныс министрінің 01.10.2018 № 650 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа

енгізіледі) бұйрығымен.

44. Алып тасталды – ҚР Қорғаныс министрінің 01.10.2018 № 650 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

4-тарау. "Қазақстан тарихы" пәні бойынша мемлекеттік емтиханды өткізу тәртібі

Ескерту. 4-тараудың тақырыбы жаңа редакцияда - ҚР Қорғаныс министрінің 26.01.2023 № 49 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

45. "Қазақстан тарихы" пәні бойынша мемлекеттік емтихан академиялық күнтізбеге сәйкес емтихан сессиясы кезеңінде сол академиялық кезеңде өткізіледі.

Ескерту. 45-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Қорғаныс министрінің 26.01.2023 № 49 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

46. Мемлекеттік емтихан комиссиясының төрағасы Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрінің бұйрығымен ЖӘОО бастығының орынбасарлары қатарынан ағымдағы оқу жылының 1 қарашасынан кешіктірілмей тағайындалады.

Ескерту. 46-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Қорғаныс министрінің 26.01.2023 № 49 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

47. "Қазақстан тарихы" пәні бойынша мемлекеттік емтиханды қабылдау үшін ЖӘОО ағымдағы оқу жылының 1 желтоқсанынан кешіктірмей күнтізбелік бір жыл мерзімге Мемлекеттік емтихан комиссиясын құрады.

Ескерту. 47-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Қорғаныс министрінің 26.01.2023 № 49 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

48. "Қазақстан тарихы" пәні бойынша мемлекеттік емтихан (бұдан әрі – ҚТ МЕ) кестесін оқу-әдістемелік басқарма жасайды және оны мемлекеттік емтихан басталғанға дейін екі аптадан кешіктірмей ЖӘОО бастығы бекітеді.

Ескерту. 48-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Қорғаныс министрінің 26.01.2023 № 49 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

49. Мемлекеттік емтихан комиссиясы отырысының ұзақтығы күніне 6 академиялық сағаттан аспауға тиіс.

50. Мемлекеттік емтихан комиссиясының отырыстары осы Қағидаларға 9-қосымшаға сәйкес нысан бойынша әрбір білім алушыға хаттамамен ресімделеді.

Ескерту. 50-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Қорғаныс министрінің 26.01.2023 № 49 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

51. Мемлекеттік емтихан комиссиясының отырысы хаттамаларының бланкілері жеке іске тігіледі, нөмірленеді, бауланады және ҚТ МЕ басталғанға дейін мөрмен бекітіледі.

Ескерту. 51-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Қорғаныс министрінің 26.01.2023 № 49 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

52. ҚТ МЕ-ні дәлелді себептермен тапсырмаған білім алушыларға мемлекеттік емтихан комиссиясы төрағасының шешімімен жеке кесте жасалады.

Ескерту. 52-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Қорғаныс министрінің 26.01.2023 № 49 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

53. ҚТ МЕ-ге жіберу үшін білім алушы жіберу рейтингісі бағасының кемінде 50 балын жинайды. "Қазақстан тарихы" пәні үшін баға 100 балдық меже бойынша бағаланады.

Ескерту. 53-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Қорғаныс министрінің 26.01.2023 № 49 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

54. ҚТ МЕ-ні қайта тапсыруға жол берілмейді. Егер білім алушы ҚТ МЕ үшін 50 балдан төмен алса, ол оқудан шығарылуға жатады.

Ескерту. 54-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Қорғаныс министрінің 26.01.2023 № 49 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

55. ҚТ МЕ-ні тапсыру нәтижесі оны тапсыру көзделген емтихан сессиясының қорытындысын шығару кезінде ескеріледі.

Ескерту. 55-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Қорғаныс министрінің 26.01.2023 № 49 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

56. Мемлекеттік емтихан комиссиясының жұмысы аяқталғаннан кейін комиссия төрағасы есеп беруді жасайды, ол ЖӘОО (факультет) оқу-әдістемелік кеңесінің отырысында талқыланады және бекітіледі және әскери білім беру мәселелеріне жетекшілік ететін ҚР ҚМ құрылымдық бөлімшесіне екі апта мерзімде ұсынылады.

Ескерту. 56-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Қорғаныс министрінің 01.10.2018 № 650 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

5-тарау. Қазақстан Республикасының Қорғаныс министрлігіне ведомстволық бағынысты әскери оқу орындарында білім алушыларға қорытынды аттестаттау жүргізу тәртібі

Ескерту. 5-тараудың тақырыбы жаңа редакцияда – ҚР Қорғаныс министрінің 01.10.2018 № 650 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

§ 1 параграф. Кадеттерге қорытынды аттестаттау жүргізу тәртібі

57. Кадеттерге қорытынды аттестаттауды ұйымдастыру және жүргізу үшін Әскери колледж бастығының бұйрығымен ағымдағы жылғы бірінші маусымға дейін күнтізбелік бір жыл мерзімге аттестаттау комиссиялары құрылады. Аттестаттау комиссиясы кемінде бес адамнан тұрады.

Ескерту. 57-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Қорғаныс министрінің 30.04.2021 № 272 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

58. Әскери білім беру мәселелеріне жетекшілік ететін ҚР ҚМ құрылымдық бөлімшесінің ұсынысы бойынша Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрінің бұйрығымен бекітілетін әскери бөлімдер мен мекемелердің өкілдері әрбір аттестаттау комиссиясының төрағасы және бір мүшесі болып табылады. Бірнеше аттестаттау комиссиясы құрамына бір адамды тағайындауға жол беріледі.

Ескерту. 58-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Қорғаныс министрінің 26.01.2023 № 49 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

59. Аттестаттау комиссиясы отырыстарының ұзақтығы күніне 6 сағаттан аспауға тиіс.

60. Кадеттерді қорытынды аттестаттау жұмыс оқу жоспарында және академиялық күнтізбеде көзделген мерзімде өткізіледі. Қорытынды аттестаттауды ЖОО бастығының бұйрығымен расталған науқастануы бойынша, іссапарға кетуіне, отбасы жағдайы бойынша демалысқа шығуына, жарыстарға, олимпиадаларға қатысуына байланысты курспен бірге өтпеген кадеттерге аттестаттау комиссиясы төрағасының шешімімен қорытынды аттестаттауды жеке график бойынша тапсыруға жол беріледі.

Ескерту. 60-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Қорғаныс министрінің 26.01.2023 № 49 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

61. Оқу-әдістемелік басқарма аттестаттау комиссиясына мынадай құжаттарды ұсынады:

кадеттерді қорытынды аттестаттауға жіберу туралы Әскери колледж бастығының бұйрығынан үзіндіні;

жұмыс оқу жоспарының пәндері бойынша пәннің бағасын;

кәсіптік практика мен тағылымдама үшін бағаны;

оқу бағдарламасына сәйкес қорытынды емтихандарға шығарылатын сұрақтар тізбесін;

Әскери колледж бастығы бекіткен және қол қойған емтихан билеттерінің жиынтығын.

Ескерту. 61-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Қорғаныс министрінің 26.01.2023 № 49 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

62. Кадеттерді қорытынды аттестаттау арнайы пәндер бойынша кешенді емтиханды тапсыру және дене шынықтыру дайындығы пәні бойынша емтихан тапсыру нысанында өткізіледі.

Ескерту. 62-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Қорғаныс министрінің 26.01.2023 № 49 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

63. Кешенді емтихан және дене шынықтыру дайындығы пәні бойынша емтихан тиісті циклдер әзірлеген, педагогикалық кеңесте қаралған, тапсырыс берушімен келісілген және Әскери колледж бастығы бекіткен бағдарламалар бойынша өткізіледі.

Ескерту. 63-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Қорғаныс министрінің 26.01.2023 № 49 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

64. Кешенді емтихан және дене шынықтыру дайындығы пәні бойынша емтиханды өткізу нысаны мен пәндер тізбесін педагогикалық кеңес айқындайды.

Ескерту. 64-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Қорғаныс министрінің 26.01.2023 № 49 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

64-1. Кешенді емтиханның және дене шынықтыру дайындығы пәні бойынша емтихан билеттері оқу бағдарламалары негізінде жасалады, бұл ретте емтихан билеттері жиынтығының саны оқу топтарының санына сәйкес келуге тиіс. Әрбір емтихан билеті 3-5 сұрақтан тұрады, оның 1-2 сұрағы практикалық болып табылады. Емтихан билеттерінің бір жиынтығында сұрақтар қайталанбайды. Бір жиынтықтағы емтихан билеттерінің саны топтағы білім алушылар санынан кемінде 20 %-ға артық болады.

Кадеттерге мәлімет үшін емтихан билетінің мазмұны алдын ала берілмейді, оларды екінші рет қолдануға жол берілмейді.

Ескерту. Қағида 64-1-тармақпен толықтырылды - ҚР Қорғаныс министрінің 26.01.2023 № 49 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

65. Дайындалуға және жауап беруге уақыт емтихан бағдарламаларымен айқындалады.

Ескерту. 65-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Қорғаныс министрінің 26.01.2023 № 49 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

66. Емтихан бойынша 50 балдан төмен алған кадеттер аттестаттау комиссиясы төрағасының шешімімен бір рет жеке график бойынша қайта тапсыруға жіберіледі.

Ескерту. 66-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Қорғаныс министрінің 26.01.2023 № 49 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

67. 50 балдан төмен алған кадетке емтиханды қайта тапсырған кезде "Білім беру ұйымдары білім беру қызметінде пайдаланатын қатаң есептіліктегі құжаттардың нысанын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің 2007 жылғы 23 қазандағы № 502 бұйрығымен бекітілген (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 4991 болып тіркелген) нысан бойынша оқытудың толық курсы бітіргені туралы анықтама беріледі.

Ескерту. 67-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Қорғаныс министрінің 26.01.2023 № 49 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

68. Аттестаттау комиссиясының отырысы аттестаттау комиссиясының мүшелері қол қоятын тиісті хаттамамен ресімделеді.

69. Жұмыс оқу жоспарының барлық пәнінің кемінде 75 %-ы бойынша емтихандарды "А", "А–" деген бағамен, ал қалған пәндер бойынша "В+", "В", "В-" деген бағамен тапсырған кадеттерге аттестаттау комиссиясының шешімімен үздік диплом беріледі. Үздіктердің фотосуреттері Әскери колледждің Құрмет тақтасына ілінеді. Әскери колледжді үздік бітірген бітірушілер қызмет орнын таңдауға құқылы немесе қабылдау жоспарына сәйкес қабылдау емтихандарын тапсырмай ЖӘОО-ға ұқсас мамандыққа оқуға қабылданады.

Ескерту. 69-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Қорғаныс министрінің 26.01.2023 № 49 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

70. Алып тасталды - ҚР Қорғаныс министрінің 26.01.2023 № 49 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

71. Қорытынды емтихандар нәтижелері негізінде аттестаттау комиссиясы бітірушіге дипломды берумен біліктілікті береді.

Ескерту. 71-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Қорғаныс министрінің 01.10.2018 № 650 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

72. Қорытынды аттестаттау аяқталғаннан кейін аттестаттау комиссиясының төрағасы екі апта мерзімде есеп беруді жасайды, онда:

- 1) кадеттердің даярлық деңгейі мен білім сипаттамасы;
- 2) оқу пәндерінің жекелеген мәселелері бойынша кадеттерді даярлаудағы кемшіліктер;

3) мамандарды даярлауды одан әрі жетілдіру жөніндегі ұсынымдар көрсетіледі.

Ескерту. 72-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Қорғаныс министрінің 01.10.2018 № 650 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

73. Жұмыс аяқталғаннан кейін аттестаттау комиссиясының төрағасы осы Қағидаларға 10-қосымшаға сәйкес нысан бойынша есеп беруді жасайды, ол Әскери колледж педагогикалық кеңесінің отырысында талқыланады және екі апта мерзімде әскери білім беру мәселелеріне жетекшілік ететін құрылымдық бөлімшеге ұсынылады.

Ескерту. 73-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Қорғаныс министрінің 30.04.2021 № 272 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

§ 2 параграф. Курсанттарға қорытынды аттестаттау жүргізу тәртібі

74. Курсанттарға әрбір біліктілік бойынша қорытынды аттестаттау жүргізу үшін ағымдағы жылғы бірінші маусымға дейін ЖЭОО бастығының бұйрығымен күнтізбелік бір жыл мерзімге кемінде бес адамнан тұратын мемлекеттік аттестаттау комиссиясы (бұдан әрі – МАК) құрылады.

75. Әрбір МАК-тың төрағалары және бір мүшесі әскери білім беру мәселелеріне жетекшілік ететін ҚР ҚМ құрылымдық бөлімшесінің ұсынысы бойынша Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрінің бұйрығымен бекітілетін әскери бөлімдер мен мекемелердің өкілдері болып табылады. Бір адамды бірнеше МАК құрамында тағайындауға жол беріледі.

Ескерту. 75-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Қорғаныс министрінің 01.10.2018 № 650 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

76. Курсанттарды қорытынды аттестаттау жұмыс оқу жоспарында белгіленген нысандар бойынша жүргізіледі. Қорытынды аттестаттаудың ұзақтығы мен мерзімі академиялық күнтізбемен айқындалады. Қорытынды аттестаттаудан ЭОО бастығының бұйрығымен расталған науқастануы бойынша, іссапарға кетуіне, отбасы жағдайы бойынша демалысқа шығуына, жарыстарға, олимпиадаларға қатысуына байланысты курспен бірге өтпеген курсанттарға МАК төрағасының шешімі негізінде жеке кесте бойынша қорытынды аттестаттаудан өтуге жол беріледі.

Ескерту. 76-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Қорғаныс министрінің 26.01.2023 № 49 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

77. Курсанттар кешенді емтихандар тапсырады, дипломдық жұмысты (жобаны) қорғайды және "Дене шынықтыру дайындығы" пәні бойынша не кешенді мемлекеттік

емтихан тапсыру нысанында емтихан, екі базалық және бейінді пән бойынша мемлекеттік емтихан және "Дене шынықтыру дайындығы" пәні бойынша емтихан тапсырады.

Ескерту. 77-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Қорғаныс министрінің 26.01.2023 № 49 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

78. ЖӘОО оқу-әдістемелік кеңесінің шешімі бойынша дипломдық жұмысты (жобаны) қорғау орнына базалық және/немесе бейіндік пәндер бойынша екі мемлекеттік емтиханды тапсыруға жол беріледі.

79. Кешенді мемлекеттік емтихан пәндерінің тізбесі тапсырыс берушімен келісу бойынша ЖӘОО оқу-әдістемелік кеңесінің шешімімен бекітіледі.

Ескерту. 79-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Қорғаныс министрінің 01.10.2018 № 650 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

80. Теориялық оқытудың, кәсіптік практиканың және әскери тағылымдаманың толық курсынан өткен курсанттар ол басталғанға дейін бір аптадан кешіктірілмей ЖӘОО бастығының бұйрығымен қорытынды аттестаттауға жіберіледі.

Ескерту. 80-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Қорғаныс министрінің 30.04.2021 № 272 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

81. Оқу-әдістемелік басқарма МАК-қа мынадай құжаттарды ұсынады:

- 1) курсанттарды қорытынды аттестаттауға жіберу туралы ЖӘОО бастығының бұйрығынан үзіндіні;
- 2) жұмыс оқу жоспарының пәндері бойынша пәннің бағасын;
- 3) кәсіптік практика мен әскери тағылымдама үшін бағаны;
- 4) кешенді мемлекеттік емтихан мен мемлекеттік емтиханға шығарылатын сұрақтар тізбесін;
- 5) ЖӘОО бастығы бекіткен емтихан билеттерінің жиынтықтарын;
- 6) кешенді мемлекеттік емтихан мен мемлекеттік емтиханда пайдалану үшін көрнекі құралдар мен анықтамалық сипаттағы материалдар тізбесін ұсынады.

Ескерту. 81-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Қорғаныс министрінің 26.01.2023 № 49 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

82. МАК-тың функциясына:

- 1) бітірушілердің теориялық және практикалық даярлығының біліктілік талаптарына сәйкес келуі деңгейін тексеру;
- 2) тиісті мамандық бойынша "бакалавр" дәрежесін беру, біліктілікті беру және жоғары білім туралы дипломды беру туралы шешім қабылдау;
- 3) мамандарды даярлау сапасын жақсарту жөнінде ұсыныстар енгізу кіреді.

Ескерту. 82-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Қорғаныс министрінің 01.10.2018 № 650 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

83. Оқу-әдістемелік басқарма МАК жұмысының кестесін жасайды, оны ЖӘОО бастығы бекітеді және ол МАК жұмысы басталғанға дейін екі аптадан кешіктірілмей жалпы мәліметке жеткізіледі.

Ескерту. 83-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Қорғаныс министрінің 26.01.2023 № 49 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

84. МАК отырысының ұзақтығы күніне 6 академиялық сағаттан аспауға тиіс. Бұл ретте мемлекеттік емтихан тапсыруға күніне 20-дан аспайтын, ал дипломдық жұмысты қорғауға – 10-нан аспайтын адам жіберіледі.

Ескерту. 84-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Қорғаныс министрінің 01.10.2018 № 650 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

85. Дипломдық жұмысты (жобаны) қорғауға жіберу және оны қорғау осы Қағидаларға сәйкес жүргізіледі.

86. Дипломдық жұмысты (жобаны) плагиат мәніне тексеру тәртібін ЖӘОО дербес айқындайды.

87. Әрбір курсантқа дипломдық жұмыстың (жобаның) жетекшісі бекітіліп беріледі және тақырыпты көрсете отырып, ЖӘОО бастығының бұйрығымен бекітіледі.

88. Дипломдық жұмыстардың тақырыбы ағымдағы оқу жылы басталғаннан кейін бір ай ішінде ЖӘОО оқу-әдістемелік кеңесінде қаралады, тапсырыс берушімен келісіледі, оны ЖӘОО бастығы бекітеді және әскери білім беру мәселелеріне жетекшілік ететін ҚР ҚМ құрылымдық бөлімшесіне жолданады.

Ескерту. 88-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Қорғаныс министрінің 01.10.2018 № 650 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

89. Дипломдық жұмысты (жобаны) рецензиялауды біліктілігі қорғалатын дипломдық жұмыстың (жобаның) тақырыбына сәйкес келетін тапсырыс беруші тарапынан әскери бөлімдердің, мекемелердің, сондай-ақ дипломдық жұмыстың (жобаның) бейіні бойынша практикалық қызметті жүзеге асыратын басқа да ұйымдардың өкілдері жүзеге асырады. Дипломдық жұмыстардың (жобалардың) рецензенттерін ЖӘОО бастығы бекітеді.

Ескерту. 89-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Қорғаныс министрінің 01.10.2018 № 650 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

90. Мамандық бойынша кешенді мемлекеттік емтихан екі және одан астам силлабус негізінде ЖӘОО әзірлеген бағдарлама бойынша өткізіледі. Мамандық бойынша

кешенді мемлекеттік емтиханның және бейіндік және (немесе) базалық пәндер бойынша мемлекеттік емтиханның бағдарламалары ағымдағы жылғы 31 желтоқсанға дейін ЖӘОО (факультеттің) оқу-әдістемелік кеңесінде қаралады, тапсырыс берушімен келісіледі және оны ЖӘОО бастығы бекітеді.

Ескерту. 90-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Қорғаныс министрінің 01.10.2018 № 650 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

91. Кешенді мемлекеттік емтиханға және мемлекеттік емтиханға шығарылатын сұрақтар тізбелері ЖӘОО оқу-әдістемелік кеңесінде қаралады, оны ЖӘОО бастығы бекітеді және ағымдағы жылғы 31 қаңтарға дейін курсанттарға жеткізіледі.

Ескерту. 91-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Қорғаныс министрінің 01.10.2018 № 650 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

92. Кешенді мемлекеттік емтиханның және мемлекеттік емтиханның емтихан билеттері тиісті сұрақтар тізбесі негізінде жасалады, бұл ретте емтихан билеттері жиынтықтарының саны оқу топтарының санына сәйкес келуге тиіс. Әрбір емтихан билеті 3-5 сұрақтан тұрады, оның 1-2-еуі практикалық сұрақтар. Емтихан билетінің бір жиынтығындағы сұрақтар қайталанбайды. Бір жиынтықтағы емтихан билеттерінің саны топтағы білім алушылар санынан кемінде 20 %-дан (жиырма) астам болады.

Емтихан билеттерінің мазмұны курсанттарға алдын ала жеткізілмейді, оларды қайта пайдалануға жол берілмейді.

Ескерту. 92-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Қорғаныс министрінің 01.10.2018 № 650 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

93. МАК отырыстары осы Қағидаларға 11-13-қосымшаларға сәйкес нысан бойынша хаттамамен ресімделеді.

Ескерту. 93-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Қорғаныс министрінің 01.10.2018 № 650 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

94. Шешім қабылдау үшін кворум төрағаны қоса алғанда, МАК құрамының кемінде 2/3 бөлігін құрайды.

95. Кешенді мемлекеттік емтихан, мемлекеттік емтихан тапсыру және дипломдық жұмысты (жобаны) қорғау нәтижелері оларды өткізген күні МАК отырысының хаттамаларына қол қойылғаннан кейін жарияланады.

96. МАК шешімі жабық отырыста ашық дауыс берумен, қарапайым көпшілік дауыспен қабылданады. Дауыстар саны тең болған кезде МАК төрағасының дауысы шешуші болып табылады.

Қорытынды аттестаттаудан өткен курсантқа МАК шешімімен біліктілік берумен тиісті мамандық бойынша "бакалавр" дәрежесі және қосымшасы бар мемлекеттік үлгідегі диплом беріледі.

97. Кешенді мемлекеттік емтиханды, мемлекеттік емтиханды қайта тапсыру және дипломдық жұмысты (жобаны) қайта қорғау рұқсат етілмейді. Кешенді мемлекеттік емтиханда немесе мемлекеттік емтиханда немесе дипломдық жұмысты (жобаны) қорғауда 50 балдан аз алған курсанттар оқудан шығарылуға тиіс.

98. Курсант дипломының қосымшасы қорытынды аттестаттау нәтижелеріне, пән бойынша алған бағаларына, курстық жұмыстары (жобалары) бойынша, кредиттер мен академиялық сағаттар көлемін көрсете отырып, кәсіптік практика мен тағылымдама түрлері бойынша бағаларына сәйкес толтырылады.

99. Барлық емтихандар мен қорғауларда "А", "А-", "В+", "В", "В-" бағаларын алған, барлық оқу кезеңі үшін үлгерімінің орташа балы 3,5-тен төмен емес және барлық оқу кезеңінде емтихандарды қайта тапсыру болмаған, сондай-ақ қорытынды аттестаттауды "А", "А-" бағаларына тапсырған курсанттарға МАК шешімімен мемлекеттік үлгідегі үздік диплом беріледі.

100. Барлық емтихандар мен қорғауларда "А", "А-" бағаларын алған, барлық оқу кезеңі үшін үлгерімінің орташа балы 3,7-ден төмен емес және барлық оқу кезеңінде емтихандарды қайта тапсырмаған, сондай-ақ қорытынды аттестаттауды "А", "А-" бағаларына тапсырған курсанттарға МАК шешімімен үздік диплом беріледі. Үздіктердің фотосуреттері ЖӘОО-ның Құрмет тақтасына ілінеді. ЖӘОО-ны үздік бітірген курсанттар қызмет орнын таңдауда басым құқықты пайдаланады.

Ескерту. 100-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Қорғаныс министрінің 01.10.2018 № 650 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

101. Жұмыс аяқталғаннан кейін МАК төрағасы осы Қағидаларға 14-қосымшаға сәйкес нысан бойынша есеп беруді жасайды, ол ЖӘОО оқу-әдістемелік кеңесінің отырысында талқыланады және екі апта мерзімде әскери білім беру мәселелеріне жетекшілік ететін ҚР ҚМ құрылымдық бөлімшесіне ұсынылады.

Ескерту. 101-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Қорғаныс министрінің 01.10.2018 № 650 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

102. Дипломдық жұмыс (жоба) алдын ала қорғау рәсімінен өту үшін оқуды бітіртіп шығаратын кафедраға ұсынылады.

103. Дипломдық жұмысты алдын ала қорғау рәсімі курсанттардың және жетекшісінің қатысуымен кафедраның ашық отырысында өткізіледі.

Алдын ала қорғау кафедрасы отырысының хаттамасымен ресімделеді.

104. Алдын ала қорғаудан табысты өткен дипломдық жұмысқа курсант қол қояды және жетекшісіне ұсынады.

Жетекші пікірді және курсантты қорғауға жіберу туралы қорытындыны дайындайды. Жетекші теріс қорытынды берген кезде курсант қорғауға жіберілмейді.

105. Оқуды бітіртіп шығаратын кафедра қорғауға ұсынған дипломдық жұмыс рецензияға тапсырылады.

106. Рецензент дипломдық жұмысқа жазбаша рецензия ұсынады, онда зерттелген тақырыптың өзектілігі, жаңашылдығы мен іс жүзіндегі маңыздылығы, дипломдық зерттеу тақырыбының маман даярлау бейініне, берілетін академиялық дәреже мен берілетін біліктілікке сәйкес келуі, зерттеуді дербес жүргізгені, қорытындылар мен ұсыныстардың болуы, проблеманы шешу мен зерттеудің аяқталу деңгейі көрсетіледі.

Рецензияда балдық-рейтингтік жүйе бойынша бағасы және тиісті академиялық дәреже мен біліктілікті беру мүмкіндігі көрсетілген қорытынды беріледі.

107. Ғылыми жетекші қорғауға жіберген, бірақ рецензент F "қанағаттанарлықсыз" бағасымен бағалаған дипломдық жұмыс жалпы шарттарда қорғалады.

108. Кафедра бастығы қорғауға дейін күнтізбелік бес күннен кешіктірмей диплом жазған курсанттың рецензиясымен танысады және пікірмен және рецензиясымен бірге дипломдық жұмысты қорғау үшін МАК-қа жолдайды. МАК-қа сонымен қатар орындалған дипломдық жұмыстың ғылыми және практикалық құндылығын сипаттайтын материалдар, бейресми пікірлер, дипломдық жұмыстың (жобаның) бейіні бойынша практикалық қызметті жүзеге асыратын ұйымдардың жазбаша қорытындылары, ғылыми зерттеу нәтижелерін енгізу анықтамалары немесе актілері, макеттер, материалдардың, бұйымдардың үлгілері және дипломдық жұмысты (жобаны) қорғау үшін қажетті басқа да материалдар ұсынылады.

Ескерту. 108-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Қорғаныс министрінің 01.10.2018 № 650 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

109. Дипломдық жұмысты қорғау курсанттың қалауы бойынша қазақ немесе орыс тілінде өткізіледі. Курсант кафедраның ұсынысы бойынша шет тілінің бірінде дипломдық жұмыстың қысқаша мазмұнын қосымша ұсынуына болады, ол қорғауда жарияланады.

110. Дипломдық жұмысты қорғау электрондық ресурстарды пайдаланумен мультимедиялық презентация түрінде жүзеге асырылады.

111. Дипломдық жұмысты қорғау МАК-тың ашық отырысында өткізіледі.

МАК жұмысына оның мүшелерінің кемінде 2/3 (үштен екі) бөлігі қатысқан, отырысқа комиссия төрағасы қатысқан МАК отырысы заңды болып саналады.

112. Дипломдық жұмысты қорғау курсанттардың, оқытушылардың қатысуымен жария түрде ұйымдастырылады. Қорғауға, сондай-ақ дипломдық жұмыстың (жобаның) бейіні бойынша практикалық қызметті жүзеге асыратын ұйымның басшысы, өкілдері және басқа да мүдделі адамдар шақырылады.

Ескерту. 112-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Қорғаныс министрінің 01.10.2018 № 650 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

113. Бір дипломдық жұмысты қорғау ұзақтығы бір курсантқа 30 минуттан аспайды.

114. Дипломдық жұмысты қорғау үшін курсант МАК алдында баяндаумен кемінде 15 минут сөз сөйлейді.

115. Алып тасталды – ҚР Қорғаныс министрінің 01.10.2018 № 650 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

116. Дипломдық жұмысты қорғағаннан кейін комиссия хатшысы пікір (дипломдық жұмыстың (жобаның) жетекшісі қатысқан жағдайда өзі жеке сөз сөйлейді) мен рецензияны оқиды.

Ескерту. 116-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Қорғаныс министрінің 01.10.2018 № 650 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

117. Дипломдық жұмысқа баға қою кезінде теориялық, ғылыми және практикалық дайындығының деңгейі, жетекшісінің пікірі және рецензенттің бағасы назарға алынады.

§ 3 параграф. Магистранттарды қорытынды аттестаттаудан өткізу тәртібі

118. Әрбір біліктілік бойынша магистранттарды қорытынды аттестаттауды өткізу үшін ағымдағы жылғы бірінші мамырға дейін Ұлттық қорғаныс университеті бастығының бұйрығымен бір күнтізбелік жыл мерзіміне МАК құрылады, ол кемінде жоғары оқу орнынан кейінгі білімі бар бес адамнан тұрады.

119. Әрбір МАК-тың төрағалары мен бір мүшесі, олар әскери білім беру мәселелеріне жетекшілік ететін ҚР ҚМ құрылымдық бөлімшесінің ұсынысы бойынша Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрінің бұйрығымен бекітілетін сыртқы өкілдер болып табылады. Бір адамды бірнеше МАК құрамына тағайындауға жол беріледі.

Ескерту. 119-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Қорғаныс министрінің 01.10.2018 № 650 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

120. Магистранттарды қорытынды аттестаттау жұмыстық оқу жоспарында белгіленген нысандар бойынша жүргізіледі. Қорытынды аттестаттау ұзақтығы мен мерзімі академиялық күнтізбе бойынша айқындалады. Қорытынды аттестаттауды МАК төрағасының шешімі негізінде жеке график бойынша жүргізуге жол беріледі.

121. Магистранттардың қорытынды аттестаттауы кешенді мемлекеттік емтихан тапсыру нысанында және/немесе магистрлік диссертацияны (жобаны) қорғау түрінде өткізіледі.

Ұлттық қорғаныс университеті білім алушылардың теориялық дайындығының, оқу жетістіктерінің, оқу нәтижелерінің және зерттеу-талдау қабілеттерінің деңгейін ескерек отырып, дербес оларға қорытынды аттестаттау нысанын айқындайды.

Магистрлік диссертацияны (жобаны) қорғау рәсімін Ұлттық қорғаныс университеті дербес айқындайды.

Ескерту. 121-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Қорғаныс министрінің 30.04.2021 № 272 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

122. КМЕ пәндерінің тізбесі тапсырыс берушінің келісімі бойынша факультет оқу-әдістемелік кеңесінің шешімімен бекітіледі.

123. Теориялық оқудың, кәсіби практика мен әскери тағылымдаманың (тағылымдаманың) толық курсынан өткен магистранттар ол басталғанға дейін екі аптадан кешіктірмей Ұлттық қорғаныс университеті бастығының бұйрығымен қорытынды аттестаттауға жіберіледі.

Ескерту. 123-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Қорғаныс министрінің 12.02.2026 № 129 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

124. Оқу-әдістемелік басқарма МАК-қа мынадай құжаттарды ұсынады:

- 1) магистранттарды қорытынды аттестаттауға жіберу туралы бұйрықтан үзіндіні;
- 2) транскрипті;
- 3) кешенді мемлекеттік емтихан материалдарын (Ұлттық қорғаныс университетінің бастығы бекіткен және тиісті кафедра бастығы қол қойған бағдарлама, сұрақтар тізбесі, емтихан билеттері) ұсынады.

Ескерту. 124-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Қорғаныс министрінің 26.01.2023 № 49 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

125. МАК құзыретіне:

- 1) бітірушілердің теориялық және практикалық дайындығының біліктілік талаптарына сәйкес келу деңгейін тексеру;
- 2) тиісті мамандықтар бойынша "магистр" дәрежесін беру, біліктілік беру және жоғары оқу орнынан кейінгі білім туралы мемлекеттік үлгідегі дипломды беру немесе бас тарту туралы шешім қабылдау;
- 3) мамандарды даярлау сапасын арттыру жөнінде ұсыныстар енгізу жатады.

126. МАК жұмысының кестесін оқу-әдістемелік басқарма жасайды, оны Ұлттық қорғаныс университетінің бастығы бекітеді және МАК жұмысы басталғанға дейін екі аптадан кешіктірмей жалпы мәліметке жеткізіледі.

Ескерту. 126-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Қорғаныс министрінің 26.01.2023 № 49 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

127. МАК отырысының ұзақтығы күніне 8 академиялық сағаттан аспайды. Бұл ретте кешенді мемлекеттік емтихан тапсыруға бір (сол) күніне 20 адамнан артық емес, ал диссертация (жоба) қорғауға 10-нан артық емес адам жіберіледі.

Ескерту. 127-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Қорғаныс министрінің 30.04.2021 № 272 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

128. Екі ай ішінде әрбір магистрантқа оқуға қабылданғаннан кейін магистрлік диссертацияға (жобаға) жетекшілік ету үшін ғылыми жетекші тағайындалады. Ғылыми жетекші және магистранттың зерттеу тақырыбы оқу кеңесінің шешімі негізінде Ұлттық қорғаныс университеті бастығының бұйрығымен бекітіледі.

Магистранттың ғылыми жетекшісі Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрінің 2024 жылғы 5 қаңтардағы № 4 бұйрығымен бекітілген Жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беретін ұйымдардың білім беру қызметіне қойылатын біліктілік талаптарының және оларға сәйкестікті растайтын құжаттар тізбесінің 23.2-тармағына сәйкес (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 33892 болып тіркелген) тағайындалады.

Магистрлік диссертациялардың (жобалардың) тақырыптары Тапсырыс берушімен келісіледі. Алдын ала қорғаудан өткеннен кейін магистрлік диссертация (жоба) тақырыбын нақтылауға жол беріледі.

Ескерту. 128-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Қорғаныс министрінің 13.11.2025 № 1593 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

129. Егер магистрлік диссертацияны (жобаны) қорғау қорытынды аттестаттауға шығарылмаған жағдайда, онда магистрлік диссертацияны (жобаны) қорғау МАК өткізілгенге дейін екі аптадан кешіктірілмей жүргізіледі және құрамы кемінде 3 адамнан тұратын ӘОО-ның ғылыми және оқу бөлімдерінің өкілдері қатарынан комиссия қабылдайды.

Бұл ретте магистрлік диссертацияны (жобаны) ресімдеуге және қорғауға бөлінетін уақыт қорытынды аттестаттаумен пәндер цикліне және басқа да қызмет түрлеріне қайта бөлінеді.

Ескерту. 129-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Қорғаныс министрінің 30.04.2021 № 272 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

130. Магистрлік диссертацияны (жобаны) рецензиялауды тапсырыс беруші тарапынан әскери бөлімдер мен мекемелердің (мемлекеттік органдардың) немесе біліктілігі қорғалатын магистрлік диссертацияның (жобаның) тақырыбына сәйкес келетін басқа да ұйымдардың өкілдері жүзеге асырады. Магистрлік диссертацияға (жобаға) рецензенттерді білім беру мәселелеріне жетекшілік ететін Қорғаныс министрінің орынбасары бекітеді.

Ескерту. 130-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Қорғаныс министрінің 12.02.2026 № 129 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

131. Кешенді мемлекеттік емтихан Ұлттық қорғаныс университеті екі немесе одан көп силлабустар негізінде әзірлеген бағдарлама бойынша өткізіледі.

132. Кешенді мемлекеттік емтиханның бағдарламалары ағымдағы жылғы бірінші желтоқсанға дейін Ұлттық қорғаныс университетінің оқу-әдістемелік кеңесінде қаралады, тапсырыс берушімен келісіледі және оны Ұлттық қорғаныс университетінің бастығы бекітеді.

133. Кешенді мемлекеттік емтиханға шығарылатын сұрақтар тізбесі факультеттің оқу-әдістемелік кеңесінде қаралады, оны Ұлттық қорғаныс университетінің бастығы бекітеді және ағымдағы жылғы 31 қаңтарға дейін магистранттарға жеткізіледі.

Факультеттің оқу-әдістемелік кеңесінде қаралғанға дейін мемлекеттік органдар жұмылдыру бөлімшелерінің қызметкерлері қатарынан білім алушылар үшін кешенді мемлекеттік емтиханға шығарылатын мәселелердің тізбесі жұмылдыру дайындығы саласындағы уәкілетті оранмен келісіледі.

Ескерту. 133-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Қорғаныс министрінің 01.10.2018 № 650 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен; өзгеріс енгізілді - ҚР Қорғаныс министрінің 12.02.2026 № 129 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

134. Кешенді мемлекеттік емтиханның емтихан билеттері тиісті сұрақтар тізбесі негізінде жасалады, бұл ретте емтихан билеттері жиынтықтарының саны оқу топтарының санына сәйкес келуге тиіс. Әрбір емтихан билеті 3-5 сұрақтан тұрады, оның 1-2-еуі практикалық сұрақтар. Емтихан билетінің бір жиынтығында сұрақтар қайталанбайды. Бір жиынтықтағы емтихан билетінің саны топтағы білім алушылар санынан кемінде жиырма %-дан астам болуға тиіс.

Емтихан билеттерінің мазмұны магистранттарға алдын ала жеткізілмейді, оларды қайта пайдалануға рұқсат етілмейді.

Ескерту. 134-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Қорғаныс министрінің 01.10.2018 № 650 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

135. Кешенді мемлекеттік емтихан магистрлік диссертацияны қорғауға дейін 2 апта бұрын кешіктірмей қабылданады.

136. МАК отырыстары осы Қағидаларға 15-17-қосымшаларға сәйкес нысандар бойынша хаттамамен ресімделеді, оған МАК төрағасы мен отырысқа қатысқан мүшелері қол қояды.

Шешім қабылдау үшін кворум МАК төрағасын қоса алғанда, МАК құрамының кемінде 2/3 бөлігін құрайды.

Ескерту. 136-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Қорғаныс министрінің 01.10.2018 № 650 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

137. МАК отырысы хаттамаларының бланкілері МАК басталғанға дейін жеке іске тігіледі, нөмірленеді, тігіледі және мөрмен бекітіледі.

138. Кешенді мемлекеттік емтиханды тапсыру және магистрлік диссертацияны қорғау нәтижелері оларды өткізген күні МАК отырысының хаттамаларына қол қойылғаннан кейін жарияланады.

Хаттамаларға бағалар қойылады, қойылған сұрақтар, МАК-тың шешімі және МАК мүшелерінің пікірлері жазылады. МАК мүшелерінің пікірлері сәйкес келмеген жағдайларда, олардың жеке пікірлері жазылады.

139. МАК шешімі жабық отырыста ашық дауыс берумен, қарапайым көпшілік дауыспен қабылданады. Дауыс саны тең болғанда МАК төрағасының дауысы шешуші болып табылады.

МАК шешімімен келіспеген білім алушы нәтиже жарияланғаннан кейін келесі күні апелляция береді. Апелляцияны өтініш берушінің қатысуымен апелляциялық комиссия Қазақстан Республикасы Әкімшілік рәсімдік-процестік кодексінің (бұдан әрі – ӘРПК) 13-тарауында белгіленген тәртіппен оны берген күннен бастап бір жұмыс күні ішінде қарайды.

Бірыңғай талаптардың сақталуын қамтамасыз ету және аттестаттау нәтижесі бойынша даулы мәселелерді шешу мақсатында ӘОО бастығының бұйрығымен апелляциялық комиссия құрылады, оның құрамы тақ сан болады және біліктілігі апелляциялық пәндер бейініне сәйкес келетін ӘОО-ның профессор-оқытушы құрамы қатарынан құрылады. Төраға ӘОО бастығының орынбасарлары қатарынан тағайындалады.

Апелляциялық комиссия білім алушылармен жеке тәртіппен жұмыс істейді. Апелляцияны қарау білім алушының қорытынды аттестаттаудан өту нәтижесінің материалы бойынша жүзеге асырылады. Білім алушы апелляциялық комиссия отырысына келмеген жағдайда оның апелляцияға берген өтініші қаралмайды.

Апелляциялық комиссия шешімі комиссия мүшелерінің жалпы санынан көпшілік дауыс берумен қабылданады және өтініш түскен күннен бастап бір жұмыс күні ішінде шығарылады. Дауыстар тең болғанда апелляциялық комиссия төрағасының дауысы шешуші болып табылады. Апелляциялық комиссияның жұмысы төраға және барлық комиссия мүшелері қолтаңбасын қоятын хаттамамен ресімделеді.

Ескерту. 139-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Қорғаныс министрінің 13.11.2025 № 1593 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

140. Қорытынды аттестаттаудың осы кезеңінде кешенді мемлекеттік емтиханды қайта тапсыруға жол берілмейді.

141. Қорытынды аттестаттауға дәлелсіз себептермен келмеген, магистрлік диссертацияны (жобаны) қорғау кезінде немесе кешенді емтиханды тапсыру кезінде 50 балдан төмен алған жағдайда магистранттар қорытынды аттестаттаудан өтпеген және "білім беру бағдарламасының талаптарын орындамаған" деп саналады, ӘОО-дан оқудан шығарылуға жатады.

Ескерту. 141-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Қорғаныс министрінің 30.04.2021 № 272 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

142. Қорытынды аттестаттаудан өтпеген адамдарға бір жылдан кейін бір рет қорытынды аттестаттауды қайта тапсыруға жол беріледі. Бұл ретте қайта қорытынды аттестаттау алдыңғы қорытынды аттестаттаудан 50 балдан төмен балл алған тек оның сол нысандары бойынша жүргізіледі. 50 балдан астам балл алған магистранттар қорытынды аттестаттауды қайта тапсыру нәтижелері бойынша оқу орнын бітіргені туралы Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрінің бұйрығына енгізу үшін ұсынылады.

Ескерту. 142-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Қорғаныс министрінің 01.10.2018 № 650 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

143. Магистрлік диссертацияның (жобаның) мазмұнына және ресімделуіне, оны дайындауға және қорғауға қойылатын талаптарды Ұлттық қорғаныс университеті дербес айқындайды.

Магистрлік диссертация (жоба) міндетті түрде плагиат мәніне тексеріледі.

Ескерту. 143-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Қорғаныс министрінің 26.01.2023 № 49 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

144. Магистрлік диссертацияларды (жобаларды) қорғау нәтижелері әрбір магистрантқа нысан бойынша жеке хаттамамен ресімделеді.

Ескерту. 144-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Қорғаныс министрінің 30.04.2021 № 272 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

145. Магистратураның білім беру бағдарламасы бойынша оқуды аяқтаған және қорытынды аттестаттаудан сәтті өткен адамдарға "магистр" дәрежесі беріледі және қосымшасымен (транскрипт) жоғары оқу орнынан кейінгі білім туралы диплом беріледі.

Барлық емтихан мен қорғауда "А", "А–" бағасын алған, барлық оқу кезеңі үшін орташа үлгерім балы 3,67-ден төмен емес және барлық оқу кезеңі үшін емтихандарды қайта тапсырмаған, қорытынды аттестаттауды "А", "А–" бағасына тапсырған магистранттарға МАК шешімімен мемлекеттік үлгідегі үздік диплом беріледі. Үздіктердің тектері ӘОО Құрмет тақтасына енгізіледі.

Ескерту. 145-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Қорғаныс министрінің 26.01.2023 № 49 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

146. МАК шешімі осы Қағидаларға 18-қосымшаға сәйкес хаттамамен ресімделеді.

147. Магистрант дипломына қосымшаға қорытынды аттестаттау нәтижесіне сәйкес пәннен алған бағасы, кешенді тактикалық (жедел, жұмылдыру) міндеттер, кредит пен академиялық сағат көлемін көрсете отырып, кәсіби практика мен әскери тағылымдама (тағылымдама) түрлері бойынша алған бағалары толтырылады.

Ескерту. 147-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Қорғаныс министрінің 12.02.2026 № 129 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

148. Жұмыс аяқталғаннан кейін МАК төрағасы осы Қағидаларға 18-қосымшаға сәйкес нысан бойынша есеп беруді жасайды, ол Ұлттық қорғаныс университеті Ғылыми кеңесінің отырысында талқыланады. Ұлттық қорғаныс университеті талдау жүргізеді және оны екі апта мерзімде әскери білім беру мәселелеріне жетекшілік ететін ҚР ҚМ құрылымдық бөлімшесіне ұсынады.

Ескерту. 148-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Қорғаныс министрінің 01.10.2018 № 650 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

149. Магистрлік диссертация (жоба) алдын ала қорғау рәсімінен өту үшін бітіріп шығаратын кафедраға ұсынылады.

Ескерту. 149-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Қорғаныс министрінің 30.04.2021 № 272 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

150. Магистрлік диссертацияны (жобаны) алдын ала қорғау рәсімі бітіріп шығаратын кафедраның кеңейтілген отырысында өткізіледі. Негізгі алдын ала қорғау мәселелері тақырыптың өзектілігін талдау, жаңашылдық дәрежесі, зерттеу тақырыбының әзірлілік дәрежесі, алған нәтижелері, олардың негіздемелігі мен шынайылығы болып табылады.

Ескерту. 150-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Қорғаныс министрінің 30.04.2021 № 272 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

151. Алдын ала қорғауға магистранттың ғылыми жетекшісі қатысады және кафедраға жазбаша түрде пікір ұсынады. Пікірде ашық жұмыс сипаттамасы көрсетілмейді.

152. Диссертацияға (жобаға) алдын ала қорғауды өткізгеннен кейін магистранттар магистрлік диссертацияны (жобаны) ресімдеу мәніне, авторға сілтемесіз және алып пайдалану көздерінсіз алып пайдалану материалдарының болуына сараптамадан өтеді.

Ескерту. 152-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Қорғаныс министрінің 30.04.2021 № 272 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

153. Қорғауға жіберілген магистрлік диссертация (жоба) рецензиялаудан өтеді.

Ескерту. 153-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Қорғаныс министрінің 30.04.2021 № 272 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

154. Рецензент магистрлік диссертациямен (жобамен) танысқаннан кейін рецензия жасайды, ол МАК жұмысы басталғанға дейін күнтізбелік 7 күн бұрын кешіктірмей Ұлттық қорғаныс университетіне ұсынады. Рецензияда жұмыс кемшіліктері белгіленеді, сапасы бағаланады, осы жұмыстың теориялық және практикалық құндылығы туралы қорытынды жасалады. Магистрлік диссертацияны (жобаны) талдау негізінде рецензент магистрантқа тиісті мамандығы бойынша "магистр" дәрежесін беру мүмкіндігі (себептерін көрсете отырып, мүмкін болмауы) туралы қорытынды жасайды, сондай-ақ балдық-рейтингтік жүйе бойынша жұмысына баға қояды. Рецензияға рецензент қол қояды және ол әскери қызмет өткеретін жұмыс істейтін ұйымның елтаңбалы мөрімен расталады.

Ескерту. 154-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Қорғаныс министрінің 30.04.2021 № 272 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

155. Ғылыми жетекшінің пікірімен, бітіріп шығаратын кафедрада алдын ала қорғау хаттамасынан үзінді көшірмемен және рецензиямен магистрлік диссертация (жоба) МАК жұмысы басталғанға дейін күнтізбелік 3-4 күннен кешіктірмей магистрантпен Ұлттық қорғаныс университетінің кітапханасына (жабық сипаттағы жұмыстар – құпия кітапхана арқылы) тапсырады.

Ескерту. 155-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Қорғаныс министрінің 30.04.2021 № 272 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

156. Орындалған магистрлік диссертацияның (жобаның) іс жүзіндегі және ғылыми құндылығын сипаттайтын, бірақ оған кірмеген материалдар қорғауға дейін күнтізбелік 2-3 күннен кешіктірілмей алдын ала зерделеу үшін МАК-тың кіші комиссиясына ұсынылады. Мұндай материалдарға: баспа мақалалары, өнертабыс туралы куәлік, магистрлік диссертацияның (жобаның) іс жүзінде қолданылуын көрсететін, оның ішінде магистрант әскери тағылымдамадан (тағылымдамадан, практикадан) өткен әскери бөлімнен (мекемеден, мемлекеттік органнан) құжаттар, сондай-ақ әртүрлі схемалар, макеттер, слайдтар жатады.

Ескерту. 156-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Қорғаныс министрінің 12.02.2026 № 129 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

157. Магистрлік диссертация тақырыбының нақты атауы, ғылыми жетекшілер мен рецензенттер туралы мәліметтер (тегі, аты және әкесінің аты, (бар болған кезде), лауазымы, әскери атағы, ғылыми (академиялық) дәрежесі, ғылыми атағы, ол бойынша диплом алған мамандығы) МАК-қа ұсыну үшін магистрлік диссертацияны қорғауға дейін күнтізбелік 3 күннен кешіктірмей бітіріп шығаратын кафедра бастығының қолтаңбасымен дайындалады.

158. Магистрлік диссертацияны (жобаны) қорғауға қабылдау жөніндегі материалдар мен құжаттар қорғау басталғанға дейін күнтізбелік 3 күннен кешіктірілмей МАК-қа ұсынылады. Мерзімінде ұсынылмаған материалдар мен құжаттар қабылданбайды, ал жұмыс қорғауға келмегені туралы жазбамен қорғаудан алынады.

Ескерту. 158-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Қорғаныс министрінің 30.04.2021 № 272 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

159. Ұлттық қорғаныс университетінің факультеттеріне басшылық жасау МАК кіші комиссиясының мүшелеріне университетте оқыған уақытқа қызметтік тізім, қызметтік мінездеме, қорғауға жіберілген әрбір магистрантқа қызметтік карточка ұсынылады.

160. Магистрант қорғауға:

1) магистерлік диссертацияны (жоба) (мұқабалатылған), МАК кіші комиссиясының әрбір мүшесіне есебінен магистрлік диссертацияға (жобаға) аннотацияны;

2) бітіріп шығаратын кафедра отырысы хаттамасынан үзіндіні;

3) ғылыми жетекшісінің пікірін;

4) рецензент рецензиясын;

5) магистрлік диссертация (жоба) тақырыбы бойынша жариялымдарды (ғылыми басылымдарда немесе халықаралық немесе республикалық ғылыми конференцияларда сөз сөйлеу);

6) өнертапқыштық туралы куәлікті;

7) ғылыми нәтижені іске асыру актілерін және магистрлік диссертацияның (жобаның) іс жүзінде қолданылуын көрсететін, оның ішінде магистрант әскери тағылымдамадан (тағылымдамадан) өткен әскери бөлімнен (мекемеден, мемлекеттік органнан) құжаттарды ұсынады.

Ескерту. 160-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Қорғаныс министрінің 30.04.2021 № 272 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен; өзгеріс енгізілді - ҚР Қорғаныс министрінің 12.02.2026 № 129 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

161. Магистрлік диссертацияны (жобаны) қорғау оның кемінде 2/3 мүшелерінің қатысуымен МАК кіші комиссиясының ашық отырысында өткізіледі. Бір магистрлік диссертацияны (жобаны) қорғау ұзақтығы кемінде 50 минут кем болуға тиіс.

Ескерту. 161-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Қорғаныс министрінің 30.04.2021 № 272 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

162. Магистрлік диссертацияны (жобаны) қорғау мыналар болған кезде жүзеге асырылады:

- 1) ғылыми жетекшісінің оң пікірі;
- 2) магистрлік диссертация (жоба) тақырыбы бойынша ғылыми басылымда кемінде бір жарияланым немесе халықаралық немесе республикалық ғылыми конференцияда сөз сөйлеуі;
- 3) магистрлік диссертацияны (жобаны) көпшілік алдында қорғауға ұсынымы туралы сараптау комиссиясының жазбаша қорытындылары;
- 4) бітіріп шығаратын кафедраның қорғауға ұсынымы туралы шешімі (кафедра отырысының хаттамасынан көшірме);
- 5) біліктілігі қорғалатын жұмыстың бейініне сәйкес келетін рецензенттің бір рецензиясы, онда магистрлік диссертацияға (жобаға) жан-жақты сипаттама және тиісті мамандығы бойынша магистр дәрежесін беру мүмкіндігі туралы негізделген қорытынды беріледі.

Ескерту. 162-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Қорғаныс министрінің 30.04.2021 № 272 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

163. Егер ғылыми жетекші және/немесе бітіріп шығаратын кафедра "қорғауға жіберілмейді" немесе "қорғауға ұсынылмайды" деген теріс қорытынды берген жағдайда магистрант магистрлік диссертацияны (жобаны) қорғамайды.

